

## Құттықтаймыз!

Ақтөбе қаласы  
Мінташ МӘМБЕТОВАҒА

Қымбатты Мінташ!

Сені 85 жасқа толған күніңмен шын жүректен құттықтаймыз!

Сен — әулетте сүйікті анасың, немерелеріңнің әдемі әжесісің.

Саған зор денсаулық, айналаңның амандығын, жан-жағыңның жақсылығын тілейміз!

Алдағы уақытта да шаңырағыңның ұйытқысы, бала-шағаңның бағдаршысы болып, ғибратты ғұмыр кеше бер!

**Ізгі тілекпен: Ақтөбе қаласындағы  
№6 қазақ орта мектебінің  
1957 жылғы түлектері.**

Ақтөбе қаласының тұрғыны достарымыз  
Юсупова Қансұлу Қайсарқызын  
73-мүшел жасымен құттықтаймыз!

Аяулы жан достарына құрметті,  
Ар мен ұждан қасиетін кірлетпей.  
Мұсылманның бес парызын орындар,  
Пайғамбарымыз сыйлап өткен үмбеттей.  
Қай кезде де адалдықпен көрінген,  
Қиындыққа қайыспастан берілмей.  
Балаларың мақтаныш боп ортада,  
Білім алған Еуропаның төрінен.  
Жақсы тілек жан семірттер ұғарым,  
Қос астана бауырлардың тұрағы.  
Біз сенеміз, мәртебесі биіктеп,  
Ел танитын азаматтар шығарым.  
Міне, енді, қарттық жеткен күніңіз,  
Бауырыңызда немерелер гүліңіз.  
Достарыңның құрметіне бөлендің,  
Арналады сізге арналған жырымыз.  
Мүшел жасқа толған бүгін күніңіз,  
Құшағыңа толсын шаттық гүліңіз.  
Балалардың бақытына бөленіп,  
Ұзақ және бақытты өмір сүріңіз!



Құттықтаушылар:  
Достары Ақтөбе қаласы.

## Коллектив

## ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАП ЖАРЫСАЙЫҚ!

Елімізде биыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланды. Бұл бастама жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыруға, жастарды осы салаға тартуға және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрларды даярлауға бағытталған.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз! Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек — қадірлі!» — деген еді.

Осы орайда Ақтөбе өнеркәсіптік технологиялар колледжінің еріктілер тобы күннің суығына қарамастан адал еңбек етіп жүрген, қарапайым жұмысшы аға-апаларымызға ыстық шай мен бауырсақ таратты.

Сондай-ақ оқушылар ардагер ұстаз, зейнеткер Жұпар Қапановнаның үйіне барып, аула ішін қардан тазалады. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, оқушылар игі іс жасау арқылы — үлкеннің батысын алып, алғысына бөленді. Мұндай игі шаралар колледжде әрдайым ұйымдастырылады.

Сағыныш ОРЫНБАЕВА,  
Ақтөбе өнеркәсіптік технологиялар колледжінің  
жастар ісі жөніндегі инспекторы.

## Заң мен тәртіп

# ЗАҢ МЕН ТӘРТІП БАР ЖЕРДЕ ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ОРНАЙДЫ

Әділетті Қазақстан құру — Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың алға қойған мақсаттарының бірі. Осы орайда М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтында Мемлекет басшысының берген тапсырмалары аясында түрлі іс-шара жүргізіледі. Полиция қызметі ең қиын мамандықтардың бірі, біздің оқу орнының қызметкерлері әрдайым өз мамандықтарына адал екенін дәлелдеп келеді.

Әділдік — адам бойындағы ең асыл қасиет. Ата-бабаларымыздан «Тура биде туған жоқ туғанды биде иман жоқ» деген нақыл сөз қалған. Қазақ халқының әділдік пен турашылдықты ту еткен қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және де басқа би- шешендердің болғанын тарихтан жақсы білеміз. Сондай-ақ белгілі ақын Шәкәрім жастарға білімдіден ғибрат алуға, ақылмен ойлап іс қылуға, «құлқынның құлы болмай», «адамдық борыш — ар үшін қызмет ет» деп өсиет қалдырған.

Әділетті Қазақстанды адал да әділ адамдар ғана құра алады. Адамдар құқық пен заң алдында тең және бірдей мүмкіндікке ие. Заңды мүлтіксіз сақтау, бар-

шаның заң алдында тең болуы, ең бастысы, тәртіп бұзған адамның қалайда жазасын алуы — қоғамда әділдікті орнықтырудың басты шарты. Осының бәрін іс жүзінде орындау өте маңызды. Бұл, әсіресе тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, жемқорлыққа қарсы күреске қатысты дүниелерде айқын көрінеді. Қылмыс жасаған адамның лайықты жазалануы — әділ сот төрелігі қағидатының көрінісі ғана емес, сондай-ақ қоғамның сот жүйесіне тұтас мемлекетке деген сенімінің көрсеткіші. Заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету — баршамызға ортақ міндет. «Заң және тәртіп» қағидатының орнығуына барлық азамат ұдайы атсалысуға тиіс. Өр-

адамға бала кезінен бастап әділдік қасиеттерін бойына сіңіру — әрбір ата-ананың, білім ошақтарының, құқық қорғау органдарының, жалпы қоғамның басты міндеті. Әділет салтанат құрғанына көзі жеткен сәттен бастап халықтың өмір сүруге деген құлшынысы артып, халықтың билік органдарына толық сенімі орнайды, еңбек өнімділігі, кәсіпкерлік, шығармашылық дамиды. Әділетті ел болу, ең алдымен, жалпы қазақстандықтардың ұлттық идеясы және ата-бабаларымыздың асыл мұрасы десек те болады. Сондықтан ел жастары әділдікке құштар, әрбір полицей өз ісіне адал, патриот болғаны жөн.

Алуа ЖЕТЕСОВА,  
ҚР ІІМ М.Бөкенбаев  
атындағы Ақтөбе  
заң институтының  
ғылыми-зерттеу және  
баспа жұмысы бөлімінің  
редакторы.

## Балалар театры

# «СОҢҒЫ СӨЗ» ҚОЙЫЛЫМЫ КӨРСЕТІЛДІ

Ақтөбе қаласындағы Д.Қонаев атындағы мектеп-гимназияда «Уақыт» балалар театры жұмыс істейді. Жақында аталған театрдың тарихи драма жанрындағы «Соңғы сөз» қойылымын тамашаладық.



«Соңғы сөз» — ұлттық тарих пен руханиятты терең зерделейтін ерекше қойылым. Бұл туындыда Алашорда қайраткерлерінің қазақ халқын оята, білімге жетелеу және ұлттың азаттығын қамтамасыз ету жолындағы ерен еңбегі мен бастан кешкен қиындықтары көрініс та-

бады. Қойылымның басты мақсаты — Алаш ардақтыларының ұлы мұраты мен қайсарлығын жас ұрпақтың санасына жеткізу.

Қойылымда Алашорда қайраткерлерінің ел үшін жанын қиған әрекеттері көркемдік шеберлікпен суреттелген. Қарапайым өмірлік сәттер мен күр-

делі саяси оқиғалар қатар өріліп, көрерменге терең әсер қалдырады. Декорация мен жарықтың үйлесімді қолданылуы оқиғаның драматизмін тереңдеті түседі. Әсіресе басты кейіпкерлердің монологтары көрерменді бей-жай қалдырмайды. Музыкалық сүйемелдеу де қойылымның атмосферасын күшейтеді.

— Театр — үлкен өнер, руханияттың қайнар көзі. «Соңғы сөз» спектаклі — тарих кемеліне сүйеніп, тәуелсіздіктің нышаны іспеттес болған Алаш арыстарының айқын бейнесінің көрінісі. Бұл қойылымда тәуелсіздіктің осындай қиян-кескі трагедиямен, қасіретпен келгенін көрсеткіміз келді. Қойылымды тәуелсіздік жолында құрбан болған Алаш арыстарының рухына тағзым ету үшін әрі сол кездегі қайғы-қасіретті қазіргі ұрпақ ойына тоқысын деген ниетпен сомдалдық, — дейді «Уақыт» балалар театрының көркемдік жетекшісі Фархад Шынтеміров.

Нұрдана ХАЙРУЛЛА,  
Д.Қонаев атындағы  
орта мектептің  
8 «Ә» сынып оқушысы.

## «Кентавр» ЖШС

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2025 жылғы 7 наурызда сағат 11.00-де Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қ., 18В өнеркәсіптік аймақ, акт залы «2025-2034 жылдарға арналған «Кентавр» ЖШС көздерінен атмосфераға ластанушы заттардың рұқсат етілген шығарындыларының нормативтерінің жобасын түзету», қалдықтар басқармаларының бағдарламасы, экологиялық бақылау бағдарламасы, табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары, материалы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecportal.kz>), сондай-ақ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> танысуға болады. Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecportal.kz>) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай мен шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecportal.kz>) және ЖАО сайтында ұсынылады <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Онлайн қосылуларға сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/9318401523?pwd=UE04RlBkFRlShWSE5UQ2xDOFZUUT09>

Конференция идентификаторы: 931 840 1523

Кіру коды: 7wrUKe

Қосымша ақпаратты: Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қ., 18В өнеркәсіптік аймақ мекенжайы бойынша алуға болады.

Ұсынылып отырған қызмет түрінің операторы: «Кентавр» ЖШС, мекен жайы: Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы Қандыағаш қ., 18В. БИН: 98024000128, Тел: 8-71333-47-40

Жобаны өзірлеуші: Кунтаева Жания Сериковна ЖК, ЖСН 710204450062, мекенжайы: ҚР, Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова даңғылы 56-й, 2-корпус, 40-кеңсе, Тел: 8 705 478 00 43.